

УДК 378.016

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Абдижаппар Зарина Мұхтарқызы

[zarina.abdizhappar.01@bk.ru](mailto:zarina.abdizhappar.01@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 5В010100 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығының 2 курс студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.И. Омарбекова

Еліміз егемендік алғаннан бері білім беру саласында жасалып жатқан шаралардың барлығы болашақ ұрпаққа жалпыадамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге бағыттталып отыр. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын оқытудың жаңа технологияларын пайдалану, жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.

Бұл орайда, білім беру саласындағы мектепке дейінгі кезеңде де біршама жұмыстар атқарылуда. Бала мектепке дейінгі кезеңде қоршаған ортаны жедел түрде қабылдап, өз тәжірибесін жинақтап, әр түрлі аймақта қарым-қатынас жасай бастайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жас ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі ойындар, дамыту және түзету сабақтары жүргізіледі. Бұл баланың бүкіл қажеттіліктерін шешеді деген сөз емес, бірақ баланың дамуында жағымды ахуал туғызатыны сөзсіз.

Сондықтан балаларға берілетін ойындар таным қабілеттерін дамытуға арналуы керек. Бұл ойындарды жұмыс арасында немесе жұмыс қорытындысында және балалардың бос кездерінде ойнауға болады. Әсіресе бойында ауытқулары бар: өте белсенді, психикалық дамуында тежелуі бар балалар, өте тұйық және ұяң балалар, ызақор балалармен ойнаған өз жемісін береді. Ойын тапсырмалары баланың ойлау қабілетін дамытып, қызығушылығын туғызып, ұжымда қалыптасып, дамуына сонымен қатар баланы шыдамдылыққа тәрбиелейді.

Осы кезекте, балалар ұжымын қалыптастыратын және дамытатын іс-әрекеттердің бірі ойын болып саналады. Ұлы қазақтың ойшыл ақыны Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, ұстап, ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды танитындығы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [1]- деп, адамзаттың қалыптасу барысына мән береді.

Халқымыздың аяулы азаматы М. Жұмабаев. «Педагогика» атты еңбегінде ойын туралы: «баланың қиялы ойында жарыққа шығады» - дейді [2]. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойынға да бала нәрселерді пайдаланады. Айналадағы жұмыста нені көрсе, соны

істейді.

Алты жастағы балалардың ойын қызметі туралы В.С. Мухина өзінің еңбектерінде: «Балалар ойыны - балалардың даму деңгейін айқындайтын жетекші іс әрекетінің бірі» [3] - деп санайды. Ойында өзіндік ереже болып, сол ережеге сәйкес баланың еркін және көңіл-күйін, ақыл-ойын жаттықтырып, жеке басын дамытады. Алты жастағы балаларға олардың бос уақытында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ойнауға мүмкіндік туғызу керек екенін атап көрсетті.

В.В. Давыдов: «Дұрыс ұйымдастырылған ойынға бала өмірге еніп қажетті нәрселерді үйретеді. Ойынның аз ғана уақытында баланың және психологиялық жағдайы өзінің ойын мазмұнына қарай көрінеді» - деген пікір айтады [4].

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін талдай келе, баланың жалпы жан дүниесін, және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту, әрқашанда күн тәртібінен түскен емес. Бала ойын арқылы оқуға, мектепке даярланады. Сондықтан да баланың ойында бір шама еңбек, бір шама оқу көрініс табады. Заттың сан алуан қасиеттері мен бала ойын арқылы танысады. Өмірді әр қырынан көре бастайды, солар туралы мағлұмат алады. Ойлауға да әр түрлі әрекет жасауға үйренеді. Ойынның психологиялық құндылығы, құпиясы осында деп білеміз.

Ойын әрекеті естің ойлау мен қиялдауына барлық таным процесіне әсерін тигізеді. Ойын баладан зейін қоюға есте сақтауды, тез ойлауды кездейсоқ жағдайларды қалай әрекет етуді басқалар түсінетіндей етіп әрекет жасауды талап етеді.

Мектеп алды даярлық топтарының бес жастағы балалардың ақыл – ойының дамуы, әлуметтік даярлығы мейлінше қолайлы кезең. Кейінгі кезде психологтар А.А.Венгер мен С.В.Мухинаның көз қарасын қолдануда мектепке дейінгі жастағы балада «мектептік қасиеттер толық күйінде, яғни оқушыға лайықты психологиялық белгілер болуы мүмкін емес, өйткені олар оқу әрекеті барысында ғана қалыптасады» - деп тұжырымдайды [5]. Сондықтан бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейтіндей оқу әрекеті жеңіл түрде болуы қажет.

Алты жасар балалардың оқу әрекетін жеңілдету бірден – бір құралы ретінде «Ойынды» айтуға болады. Өйткені балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Ойын – оқу, еңбек әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды түрі.

Бұл жағдайда балалардың сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бірінші кезекте болмақ. Өйткені дамыта оқытуда ойын технологисын пайдаланудағы тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, ойын элементтерін пайдаланып, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу. Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістеріне тоқталсақ. Оларға:

1. Ой толғаныс
2. Ассоциация
3. Салыстыру
4. Раунд – Робин
5. Топтау әдісі

Ой толғаныс әдісі немесе психология тілінде «Миға шабуыл» деп те аталады. Бұл әдіс көбіне ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің тақырыбын ашуда қолданылады. Мысалы: жұмбақ шешу, сөзжұмбақ, суретті ребустар арқылы. Ассоциация әдіс болса, бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады соның барлығы сол сөздің жан - жағына жазылады. Мысалы: жалпы отбасы: Ата, әже, әке, ана, аға, әпке, ініжәне т.б.. Салыстыру әдісінде балалар объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды. Мысалы: Алма және қызанақтың ұқсастығы мен айырмашылығы. Ал, Раунд - Робин әдісі өткен немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы тәсілдердің бірі. Мұнда әр бала берілген тақырып туралы не біледі. Бір сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы бірінің айтқанын бірі қайталамай түгел айтып шығуы тиіс. Мысалы: «Гүлдер» тақырыбында Гүл

өсімдік, Гүл әдемі, Гүлді жұлуға болмайды. Топтау әдісі. Топтау әдісінде балаларды деңгейлеріне қарай бірнеше топқа бөледі де, өздері орындай алатындай топтық тапсырма беріледі.

Қорытындылай келе, біріншіден, мектеп жасына дейінгі балалар көргені мен естігенін жақсырақ қабылдайды. Олар өз көзқарастарымен бөлісу, көргенін салыстыру, ойлау қабілеттерін көрсете алады. Ойынның шартын жетекші қысқа түсіндіру тиіс, өйткені балалар түсіндіруді ести сала, бірден бұл рөлді ойында іске асыруға тырысады. Жетекші ойын формасын ертегі түрінде айтса, балалар қызығушылықпен қабылдайды. Бұл әдіс арқылы балалар зейін қоймаған кезде дұрыс меңгертуге болады, сосын демалыс беру қажет.

Екіншіден, мектепке дейінгі балалар өте белсенді, әрі өз мүмкіндігін толық бағалай алмайды. Сондықтан жетекші оларды мүмкіндіктеріне сәйкес өзі белгілеу тиіс. Жүргізуші етіп алдыңғы ойында жақсы нәтиже көрсеткен жетістігі үшін тағайындауға болады. Жүргізушіні жиірек өзгертіп отырған дұрыс.

Үшіншіден, дайындық топтағы балалар үшін белгіні ысқырумен емес, сөз бұйрығымен беру арқылы, олардың екінші сигналды жүйесін дамытуға болады. Тақпақ түріндегі бұйрықтар да жақсы. Бұл жастағы балалар өте сезімтал, сондықтан балаларды қателіктері үшін ойыннан шығармау керек. Ойынды бұзушыға жетекші шыдамдықпен қараған жөн.

Олай болса, қазіргі таңда бала тәрбиесіндегі маңызды міндеттердің бірі – олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқуға, білімге деген құштарлықтарын арттыру болып отыр. Аталған міндеттерді шешудің оңтайлы әлістерінің бірі ойындарды қолдану арқылы балаларды ойната отырып, ойланту, қызығушылығын арттыру болмақ. Ойын көп саналы күрделі педагогикалық құбылыс, оның балалардың тұлғалық дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы.- Алматы:Жазушы, 1986
2. Жұмабаев М. Педагогика.-Алматы: Ана тілі, 1992.-160 б
3. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество: Учебник для студ. вузов. - 4-е изд., стереотип. - М.:2017.
4. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. -М.:Просвещение, 1986 . – 240.
5. Венгер А. А., Мухина В. С. Психология. М.: Просвещение, 1988.
6. «Балабақшадағы оқыту және тәрбиелеу бағдарламасы» бойынша әдістемелік нұсқау Алматы 1992 ж